ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
(қысқаша шешім)

2024 жылғы 23 тамыз №7119-24-00-2/10544 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Ж.Ж.Нұрғалиева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Қалибек Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театры» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
1. Жеке кәсіпкер «Сара» атынан Абдукадир Айида Турсунбекқызы
2. «Baryscompany» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-1 - 267-4 басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап коюшы Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Қалибек Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театры» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жауапкерлер жеке кәсіпкер «Сара» атынан Абдукадир Айида Турсунбекқызы, «Baryscompany» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы қойған талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Сара» атынан Абдукадир Айида Турсунбекқызы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Сара» атынан Абдукадир Айида Турсунбекқызынан мемлекет кірісіне 988 (тоғыз жүз сексен сегіз) теңге мөлшерінде тұрақсыздық

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 23.08.2024
Заңды күшіне енген күні: 30.09.2024, судья Нұрғалиева Ж. Д., 03.10.2024
7119-24-3-1/9826

айыбы және 1 876 (бір мың сегіз жүз жетпіс алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

«Baryscompany» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Baryscompany» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 5 079 (бес мың жетіс тоғыз) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы және 1 999 (бір мың тогыз жүз тоқсан тоғыз) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья **Ж.Ж.Нұрғалиева**

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 23.08.2024

Заңды күшіне енген күні: 30.09.2024, судья Нұрғалиева Ж. Д., 03.10.2024

7119-24-3-1/9826